

ҚР ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 14-тармағына сәйкес, жер дегеніміз:

Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез-келген еңбек процессінің аумақтық негізі.

ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ:

- ◎ **Құқық саласы ретінде жер құқығы дегеніміз** - жерді пайдалану мен қорғаумен, жерді жеке меншікке және жер пайдалану құқығына берумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығы.

Жер қатынастарының мақсаты



Жер қатынастарын реттеу жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту мақсатында жүзеге асырылады

* ЖЕР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

* ЖАЛПЫ БӨЛІМ

- Жер құқығының түсінігі, пәні, әдісі, жүйесі
- Жер құқығының қағидалары
- Жер құқығының тарихы
- Жер құқығының қайнар көздері
- Жер құқық қатынастары
- Жерге меншік құқығы
- Жер пайдалану құқығы
- Жер телімдерінің құқықтық тәртібі
- Жерге меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын қорғау
- Жер төлемдері
- Сервитуттар
- Жер қорын мемлекеттік басқару
- Жерді қорғау, жерге орналастыру, жер мониторингі, жер кадастры
- Жер заңдарын бұзған үшін заңды жауаптылық

* ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

- Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің құқықтық тәртібі
- Елді менеке жерлерінің құқықтық тәртібі
- Өнеркәсіптік, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерлердің құқықтық тәртібі
- Ерекше қорғалатын аумақтар жерлерінің құқықтық тәртібі
- Су қоры жерлерінің құқықтық тәртібі
- Орман қоры жерлерінің құқықтық тәртібі
- Босалқы және пайдалануға жарамсыз жерлердің құқықтық тәртібі

Жерді қорғау мен жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарын қорғаудағы субъектілер:

- Мемлекеттік бақылау органдары
- Лауазымды тұлғалар
- Құқық қорғау органдары



Қазіргі жер қоры жеті санатқа бөлінеді:

- ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер;
- елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- орман қорының жері;
- су қорының жері;
- босалқы жері.

Жер құқық қатынастарының мерзіміне байланысты:

- тұрақты қатынастар; тұрақты жер пайдалану құқығынан және жерге меншік құқығынан туындайтын қатынастар т.б;
- уақытша қатынастар; жер учаскесін қысқа (5жыл) немесе ұзақ (49жыл) мерзімді уақытша пайдаланудан туындайтын қатынастар т.б.

Жер учаскесі



Жер учаскесі дегеніміз – белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілген тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 13-тармағы).

Жер үлесі



Бұл – бір жер учаскесіне екі немесе одан да көп тұлғалардың құқықтары болған жағдайда, сандық тұрғыдан анықталған үлес.